

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 60 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 сәуірде № 10598 тіркелді.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.01.2022 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
"КЕЛІСІЛДІ"*

Е. Досаев

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 26 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 12 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 12 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 қаңтардағы
№ 60 бұйрығымен
бекітілген

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.04.2021 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.01.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№ п/п	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1. Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметі үшін			
1)	тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін қызметтер (персоналдар) – абоненттік қызметтердің, учаскелердің болуы	осы қызметті құру туралы бұйрықтың болуы туралы мәлімет нысаны (косымшаға сәйкес)	
2)	банк анықтамасымен расталған кемінде 10000 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айналым қаражатының болуы	банк анықтамасы	
3)	алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.04.2021 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.		
	меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде	құқық белгілейтін құжаттар, оны	меншік құқығында ғимараттар немесе үй-жайлардың болуы туралы ақпаратты

4)	тұтынушылармен жұмыс істеуге және абоненттік қызметтерді орналастыруға арналған ғимараттар немесе үй-жайлардың болуы	пайдалануға, оның ішінде жалға алу, қосымша жалға алу шарты бойынша алғанын куәландыратын көшірме	лицензиар " Жылжымайтын мүлікті тіркеу" мемлекеттік деректер қорының ақпараттық жүйесі арқылы алады
5)	кернеудің кемінде төрт сыныбының электр желілерінің (кабельдік немесе әуе электр беру желілерінің) болуы(220, 110, 35, 20, 10, 6, 0,4 киловольт) ұлттық электр желісімен тікелей технологиялық байланысы бар	құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері; ұлттық электр желісін пайдалануды жүзеге асыратын жүйелік оператормен теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін ажырату актілерінің көшірмелері	көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларының болуы Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес остігі туралы қорытынды жасалатын өтініш берушіге бару және (немесе) шақыру арқылы рұқсат беру бақылауын жүргізу жолымен белгіленеді
6)	электр энергиясын, оның ішінде жалпы үй желілері арқылы тікелей қосылған отыз мыңнан кем емес тұтынушылардың болуы	электр энергиясын кемінде отыз мың тікелей қосылған тұтынушылардың, оның ішінде жалпы үй желілері арқылы бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелері: 1) тұтынушының тегі, аты және әкесінің аты көрсетілген тұрмыстық тұтынушылар тізілімі, абоненттік нөмірі; 2) тұрмыстық емес тұтынушылар тізілімі (оның ішінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар бойынша) – заңды тұлғаның атауы, электрмен жабдықтау шартының нөмірі	көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларының болуы Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес остігі туралы қорытынды жасалатын өтініш берушіге бару және (немесе) шақыру арқылы рұқсат беру бақылауын жүргізу жолымен белгіленеді
2. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін			

1)	<p>меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистралдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының, диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдардың, жабдықтардың болуы</p>	<p>меншік құқығын белгілейтін құжаттардың көшірмелері; меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының, диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарының, сондай-ақ негізгі жабдықтың техникалық сипаттамалары бойынша ақпаратты, сондай-ақ өтініш берушінің теңгеріміндегі негізгі өндірістік активтердің тізбесін көрсете отырып, магистралдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)</p>	<p>жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтары және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат "Жылжымайтын мүлікті тіркеу" мемлекеттік деректер базасынан деректер алу мүмкіндігі болған жағдайда ұсынылмайды</p>
2)	<p>1) жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; 2) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды; 3) еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасын; 4) қоршаған ортаны қорғауды; 5) метрологиялық бақылауды қамтамасыз ететін қызметтердің болуы</p>	<p>осы қызметтерді құру туралы бұйрықтардың болуы туралы мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)</p>	
	<p>тиісті білім деңгейіне (басшылар үшін - мұнай-газ саласындағы</p>		

3)	жоғары білім, мамандар үшін - мұнай-газ саласындағы орта арнайы білім) жауап беретін және осы саладағы мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті техникалық басшылар мен мамандар құрамының (өндірістік персоналдың жалпы санының кемінде 70 %-ы) болуы	қызметкерлердің әрқайсысы бойынша штат кестесі бойынша: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, осы саладағы мамандығы бойынша жұмыс өтілі жөніндегі ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	өндірістік персонал – әкімшілік-басқарушы персоналды (ӘБП) қоспағанда, өндірісте тікелей жұмыс істейтін және кәсіпорынның өндірістік процесімен тікелей байланысты персонал
4)	белгіленген тәртіппен бекітілген, сондай-ақ бекітілу кезінде қолданыстағы: қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы жөніндегі бағдарламалар мен іс-шаралардың; заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып жұмыс істейтін өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бағдарламалардың; жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының); аварияларды жою жоспарының болуы	тиісті жоспарлар, бағдарламалар мен іс-шаралардың көшірмелері	

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдерінің құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне қосымша

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны

1. Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу бойынша қызмет түрі үшін:

1) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың болуы туралы ақпарат:

қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі _____;

бұйрықтың қол қойылған күні _____;

жауаптының Т.А.Ә. _____.

2. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану бойынша қызметтің кіші түрі үшін:

1) меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуы туралы ақпарат _____

_____ (магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын, диагностикалық, бақылау-өлшеу аспаптарын, сондай-ақ негізгі жабдықтардың техникалық сипаттамасы бойынша ақпаратты көрсете отырып, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін құралдарды, жабдықты, сондай-ақ өтініш берушінің теңгеріміндегі өндірістік активтердің тізбесін көрсету);

2) қызметтерді құру туралы бұйрықтардың болуы туралы ақпарат:

қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі _____;

бұйрықтың қол қойылған күні _____;

жауаптының Т.А.Ә. _____;

3) тиісті білім деңгейіне (басшылар үшін – мұнай-газ саласындағы жоғары білім, мамандар үшін – мұнай-газ саласындағы арнайы орта білім) жауап беретін және осы саладағы мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі бар білікті техникалық басшылар мен мамандар (өндірістік персоналдың жалпы санының кемінде 70 %-ы) құрамы туралы штат кестесі бойынша ақпарат:

қызметкердің Т.А.Ә. _____;

білімі бойынша мамандығы _____;

лауазымы _____;

осы саладағы мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____.